

**«Астрахан ауылының №1 мектеп - гимназиясы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Астрахан ауылы

«30» 05. 2026 жыл

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

1) Білім беру ұйымының толық атауы:

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Астрахан ауылының №1 мектеп - гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы):

Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Астрахан ауданы, Астрахан ауылы, Әл-Фараби, 21

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, веб-сайт):

8(71641)2-22-06, эл.пошта:astrmg1@mail.ru,

web-сайт:/http://sc0001.astrahanka.aqmoedu.kz/

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі): <http://sc0001.astrahanka.aqmoedu.kz/>

Шонгалова Гульнар Бахытевна «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы коммуналдық мемлекеттік мекемесі директоры қызметінде 2023 жылдың 04 желтоқсанынан бастап 30.11.2023 ж №169 «Ақмола облысы Білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі бұйрығымен тағайындалды.

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі):

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама Ақмола облысының әділет департаментімен 2025 жылғы 11 шілдеде берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 19.10.2002 жыл, БСН: 021040002081. «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы Ақмола облысы әкімдігінің 2025 жылғы 11 шілдеде берілген.

б) Рұқсат беру құжаттары (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон, білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензия және қосымшасы):

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне «Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі 2025 жылы 07 қазанда №KZ88LAM00009867 мемлекеттік лицензия және бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша берілген.

2. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1.Талдау нәтижелері:

«Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ-нің мектепалды даярлық топтың 2024-2025 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары зерделеніп, талдау жасалды.2025-2026 оқу жылында, мектепалды даярлық 2 топқа бөлінген. О «а»,О «ә».

Жалпы бала саны 34 тәрбиелеушілер. Оқу жұмыс жоспарлары білім беру дағдылары және ұйымдастырылған оқу қызметі МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрылған, мектеп директорымен бекітілген.

2025-2026 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепалды даярлық топтың оқу жүктемесі 20 сағат,.

МАД тобының 2025-2026 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары ұсынылды. Мектепалды даярлық тобының перспективалық жоспары 1 қыркүйектен 29 мамырға дейін 35 аптаға ұсынылды.

Қорытынды:

Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҮОЖ) талаптарына сәйкес;

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:

оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;

қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларды қалыптастыру;

тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;

мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;

тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау;

креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

"Адал азамат" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық құндылықтар, салт-дәстүрлер мен жалпы рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру.

Бағаланатын кезеңге талдау жасау үшін құжаттар: (арнайы түзету оқу қызметі) бөлінуін растайтын құжаттардың, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі).

Талдау нәтижелері:

Үлгілік оқу жоспары, перспективалық жоспар, циклограмма қарастырылып, талдау жасалды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру дағдылары негізделген және олардың

әрекет түрлері бойынша ұйымдастырылған. Мектепшілік мектепалды даярлық тобында жылдық жұмыс жоспарынан оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу мүмкіндігі қарастырылған.

Үлгілік оқу бағдарламасының негізінде перспективалық жоспар, циклограмма құрылған. Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілген.

Мектепалды даярлық тобының 2025-2026 оқу жылына диагностикалық бақылауы ұсынылды. Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау мәселесіне назар аударылған.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) (бұдан әрі - Стандарт) талаптарына сәйкес келеді.

3) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы (тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтер дипломдарының көшірмелері қоса беріледі); (қосымша №1)

Талдау нәтижелері:

Мектепалды даярлық топтары педагогтерінің сапалық тізімі, штаттық кесте, дипломдарының тізімдері қарастырылды. 2023-2026 оқу жылында мектепалды даярлық тобының жалпы бала саны 34 оқушыны құрады. Соның ішінде 0 «А» тобында барлығы 19 тәрбиеленушілер жетекшісі: Есимсеитова Г.К; 0 «Ә»тобында барлығы 15 тәрбиеленушілер отырды, жетекшісі: Койбагарова З.Т

Мектепалды даярлық тобында екі тәрбиеші жұмыс істейді Койбагарова Зухра Тохтаровна – білім жоғары, санаты- педагог – модератор. Көкшетау қаласы. А.Мырзахметов атындағы универ. "Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу" бақлавері. 2016-2018 жылы аяқтады, мамандығы – «мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі.»Жалпы еңбек өтілім 18 жыл

Есимсеитова Гульжан Касымхановна-санаты жоқ, Санаты- педагог-модератор. 1992-1994 жылы Қостанай қаласында Педагогикалық училищесінде «мектепке дейінгі мекемедегі тәрбиеші» мамандығын алды. Білімі орта. Жалпы еңбек өтілімі 23 жыл.

Қорытынды: Педагогтермен жасақтауда Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген 1-қосымшасына сәйкес келеді.

4) жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру балалары 2 оқушы: Амангелді Сұлтана 19.01.2019 жыл мектепалды даярлық тобы 0а сынып *Диагнозы:оқу дағдыларын қалыптастырудағы қиындықтары.Сөйлеудің флнегатикалық дамымауы;*

Мекебаев Малика Муратовна 10.04.2019 жыл мектепалды даярлық тобы 0ә сынып диагнозы: "Жеңіл интеллект бұзылыстары . Мінез -құлықтың бұзылуы.

Талдау нәтижелері:

Мектепалды даярлық топтарында ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілер жалпы білім беретін бағдарламамен оқытылады.

5) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы (мектепалды жасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері, олар болмаған жағдайда, мектеп жастағы тәрбиеленушілер жоспарларының (карталарының) көшірмелері қоса беріледі);

Талдау нәтижелері:

2025-2026 оқу жылында баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің және тәрбиеленушілердің жеке даму карталары ұсынылды. мектепалды даярлық топтарда балалардың жеке даму карталары әрбір сала бойынша толтырылған.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 7 және 17-тармақтарына сәйкес келеді.

6) "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру дағдыларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру (бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері қоса беріледі);

Талдау нәтижелері:

Мектеп директорымен бекітілген 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына арналған өтпелі тақырыптар, перспективалық жоспарлар мен циклограммалар зерделеніп, талдау жасалды. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін қарастырған. Перспективалық жоспарға негіз болатын өтпелі тақырыптар ұсынылған, осы жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылған. Перспективалық жоспар мен циклограммадағы тақырыптар өзара үйлесімді және білім беру дағдылары өзара кіріктірілген. Топтарда «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру дағдылары бойынша тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі оқу қызметіне кіріктірілген. Циклограмма перспективалық жоспарға сәйкес әр аптаға құрылып, балаларды қабылдаудан бастап, мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі, балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібіндегі барлық процестердің орындалуын қамтамасыз етілген. Циклограмма 2023-2024 оқу жылына толық, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылына толық ұсынылды.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылына мектепалды даярлық тобының оқу жұмыс жоспарының көшірмелері толық берілді.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-тарауының 8, 9, 10, 11, 12, 13-тармақтарына сәйкес келеді.

10) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы (бағаланатын кезеңге мониторингтің көшірмесі қоса беріледі).

Талдау нәтижелері:

мектепалды даярлық топтар тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары мен мониторингтері қарастырылып, талдау жасалды.

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылына қарастырылған әр топтарға баланың даму мониторингі баланың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша кестелер толығымен толтырылған. Білім берудің 5 дағдылар бойынша әр топқа мониторингтер бар. Балалардың іскерліктері мен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша бастапқы мониторинг нәтижелері жүйелі түрде жүргізілетіні анықталды.

Балалардың даму мониторингі, баланың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы, бақылау нәтижелері бойынша кестелер, даму карталары ұсынылды.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-тарауының 7-тармағына сәйкес келеді.

10) Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

Талдау нәтижелері:

Мектеп директоры бекіткен оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаға сәйкес перспективалық жоспар зерделеніп, талдау жасалды. Мектепалды даярлық қазақ тілінде оқытылды.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепалды даярлық топтың оқу жүктемесі 20 сағат.

Қорытынды: Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 3-тарауының 14-тармағына сәйкес келеді.

1) оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы.

Талдау нәтижелері:

Мектеп директоры бекіткен оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаға сәйкес перспективалық жоспарлар қарастырылды.

Оқу жұмыс жоспарындағы сағаттар саны, 2023-2024, 2024-20235,2025-2026 оқу жылдарында мектепалды топта оқу қызметінің жалпы саны аптасына 20 сағат, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минут құрайды.

Қорытынды: Оқу жүктемесінің көлемі қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 3-тарауының 15-тармағына сәйкес келеді.

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар (осы Өлшемшарттардың 4 немесе 5-қосымшаларына сәйкес мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің, олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері Телеграм әлеуметтік жүйесі арқылы жүргізілді).

Талдау нәтижелері:

Тәрбиеленушілердің жеке даму карталары, МАД топтарының тәрбиеленушілерінің тәрбиеленушілерден сауалнамалау нәтижелері, сауалнамалары зерделеніп, талдау

жасалды. Сауалнама балалардың білім, білік, дағды көлемін меңгеру деңгейін бағыттауға арналған.

2025-2026 оқу жылы

Сауалнама нәтижелері (мектепалды даярлық сыныптар)

05.05.- 14.05.2026 ж күндері жоспар бойынша 0 «А» тобында тәрбиеленушілер-дің мектепке даярлық деңгейін анықтау мақсатында Керн–Йирасек әдістемесі бойынша диагностика жүргізілді. Зерттеудің мақсаты — тәрбиеленушілердің мектептік жетілу деңгейін анықтау және 1-сыныпқа барар алдында қосымша қолдауды қажет ететін балаларды анықтау.

Диагностикаға 19 оқушы қатысты.

Диагностика нәтижелері:

мектепке толық дайын балалар — 10 оқушы;

орташа деңгейде дайын балалар — 8 оқушы;

мектепке шартты түрде дайын бала — 1 оқушы.

Ауданы	Мектеп	Оқушылардың жалпы саны	Тестілеуден өткендер	Тестілеуден өтпегендер	мектепке толық дайын балалар	орташа деңгейде дайын балалар	мектепке шартты түрде дайын бала
Астрахан	Мектеп – гимназия № 1	19	19	0	10 53%	8 42%	1 5%

05.05.- 14.05.2026 ж күндері жоспар бойынша 0 «А» тобында тәрбиеленушілер-дің мектепке даярлық деңгейін анықтау мақсатында Керн–Йирасек әдістемесі бойынша диагностика жүргізілді. Зерттеудің мақсаты — тәрбиеленушілердің мектептік жетілу деңгейін анықтау және 1-сыныпқа барар алдында қосымша қолдауды қажет ететін балаларды анықтау.

Диагностикаға 13 оқушы қатысты.

Диагностика нәтижелері:

мектепке толық дайын балалар — 6 оқушы;

орташа деңгейде дайын балалар — 4 оқушы;

мектепке шартты түрде дайын бала — 3 оқушы.

Ауданы	Мектеп	Оқушылардың жалпы саны	Тестілеуден өткендер	Тестілеуден өтпегендер	мектепке толық дайын балалар	орташа деңгейде дайын балалар	мектепке шартты түрде дайын бала
Астрахан	Мектеп – гимназия № 1	15	13	2	6 46%	4 31%	3 23%

Тестілеумен қамтылмаған 2 тәрбиеленуші: бір тәрбиеленуші ата-анасының шешімімен жас ерекшелігіне сәйкес даярлық тобында қалдырылды; бір тәрбиеленуші ерекше білім беру қажеттілігіне байланысты тестілеуден өтпеді.

Мектепалды даярлық сынып биылғы оқу жылында барлығы 34 бала бар, 32 ата-ана сауалнамаға қатысты. Өйткені даярлық Ә тобында егіз бала бар.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 15-тармағына және 2-қосымшасының талаптарына сәйкес келеді

11. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру (МДТО ҮОЖ әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің материалы қоса беріледі);

Талдау нәтижелері: Мектеп директорымен бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаға сәйкес перспективалық жоспар, барлық тәрбиеленушілердің жеке даму карталары, үлгілік оқу жоспарының әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі қарастырылды.

Мектепалды даярлық топтары барлық тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары ұсынылған. Жеке даму карталарында балалардың «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» салалары бойынша бастапқы, аралық және қорытынды бақылаудан кейінгі білім, білік, дағды деңгейлері көрсетілген.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2-тарау, 15-тармағына сәйкес келеді.

2) жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау (осы Өлшемшарттардың 8-қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, мониторингісінің (қорытынды) көшірмелері қоса беріледі).

Талдау нәтижелері:

Мониторинг көшірмелері, білім беру ұйымдарын бағалау критерийлеріне 8-қосымшаға сәйкес толтырылған кесте, сауалнама нәтижелері қарастырылды. Сауалнама нәтижелері мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен оқыту нәтижелеріне, балалардың игерген білім, білік дағдыларына қанағаттанатынын **100% көрсетіп отыр.**

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 17-тармағына сәйкес келеді.

12. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау (осы Өлшемшарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі);

Талдау нәтижелері:

2023-20224 оқу жылында мектепалды даярлық топта 34 тәрбиеленушілер , 2024-2025 оқу жылында мектепалды даярлық топта 24 тәрбиеленушілер, 2025-2026 оқу жылында мектепалды даярлық топта 34 тәрбиеленушілер.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4-тарауының 24-тармағына сәйкес келеді.

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Талдау нәтижелері:

Тәрбиеленушілерді қабылдау және шығару туралы бұйрықтар қарастырылып, талдау жасалды. Мектепалды даярлық сыныбының дайындық деңгейін ата-аналардың балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқытуды сауалнама нәтижелерінде қанағаттанатынын көрсетіп отыр. Бағаланған кезеңдегі мектепалды даярлық тобы оқу жылы кезеңінде мектепалды даярлық топтарынан қайта даярлау тобында қайталап оқытылған балалар бар.Баланың тіл кемістігіне және жас ерекшелігіне байланысты.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2-тарау, 20 тармағының 2 қосымшасына сәйкес келеді.

2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

12.Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2022 жылғы 16 тамызда № 29136 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі; **(азымдағы оқу жылының оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі):**

Талдау нәтижелері:

Мектептің 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылына білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жоспарлары мен сабақ кестелері қарастырылды.

2023-2024 оқу жылында бастауыш сыныптарда 8 толық сынып болды.

1-сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 19,5 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 18,5 сағат .

2-сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 24 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 22 сағат, вариативтік компонент 2 сағатты құрайды.

3-сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 26 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 25 сағат, вариативтік компонент 1 сағатты құрайды.

4-сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 26 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 25 сағат, вариативтік компонент 1 сағатты құрайды.

5-9 сыныптар аралығында 3 комплект болды. 5, 9 сынып -1 комплект, 6-8 сыныптар – 2 комплекттен;

5-сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 28,5 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 28 сағат, вариативтік компонент 0,5 сағатты құрайды.

6-сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 28,5 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 28 сағат, вариативтік компонент 0,5 сағатты құрайды.

7-сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 31,5 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 31 сағат, вариативтік компонент 0,5 сағатты құрайды.

8-сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 32,5 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 32 сағат, вариативтік компонент 0,5 сағатты құрайды.

9-сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 34 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 33 сағат, вариативтік компонент 1 сағатты құрайды

10 -сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 35 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 32 сағат, вариативтік компонент 3 сағатты құрайды.

11 сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 35 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 32 сағат, вариативтік компонент 3 сағатты құрайды.

2024-2025 оқу жылында стандартқа енгізілген өзгерістерге сәйкес:

Тілдерді кезең-кезеңмен зерделеу шеңберінде 3-сыныптан бастап аптасына 2 сағат көлемінде "Шет тілі" пәні енгізіледі.

"Көркем еңбек" пәнін кезең-кезеңмен бөлу шеңберінде 3-ші сыныпта "Еңбекке баулу" және "Бейнелеу өнері" пәндеріне аптасына 1 сағаттан енгізіледі, 4-сыныпта "Көркем еңбек" пәні оқытылады. Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2024 жылғы 5 наурыздағы № 54 бұйрығына сәйкес «Жаратылыстану» пәні 3-сыныпта аптасына 1 сағаттан, 4-сыныпта аптасына 2 сағаттан оқытылады. 1 сыныпта «Цифрлық сауаттылық» пәні 2 жартыжылдықта 2024 жылда басталады.

2024-2025 оқу жылында бастауыш сыныптарда 8 толық сынып болды.

1-сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 19,5 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 18,5 сағат .

2-сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 24 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 22 сағат, вариативтік компонент 2 сағатты құрайды.

3-сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 26 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 25 сағат, вариативтік компонент 1 сағатты құрайды.

4-сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 26 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 25 сағат, вариативтік компонент 1 сағатты құрайды.

5-9 сыныптар аралығында 4 комплект болды. 5,7 сыныпта -2 комплект, 6 сынып -1 комплект ,8-9 сыныптар – 2 комплект; 5-9 сыныпта толық- 9 сынып болды.

5-сынып (қазақ тілінде) жұмыс оқу бағдарламасы бойынша апталық оқу жүктемесінің максималды көлемі 28,5 сағатты құрайды, инвариативтік оқу жүктемесі 28 сағат, вариативтік компонент 0,5 сағатты құрайды.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарына арналған сабақ кестесі қарастырылды. 1,4 және 5-11 сынып оқушылары бірінші ауысымда, 2-3 - сынып оқушылары екінші ауысымда оқытылады. Сабақ кестесі ата-аналар комитетінің төрайымымен келісілген, мектеп директорымен бекітілген. Сабақ кестесі оқу жұмыс жоспарларына сәйкес құрастырылған.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 3-тарау 28,29 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 3 тарау 40,41 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 3 тарау 30,31 тармағына сәйкес келеді.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

Талдау нәтижелері:

2023-2024 оқу жылдары және 1.09.2023 – 27.12.2024 жыл аралығында «Kundelik.kz» электронды журналды жүргізу мониторингі алынып, талдау жүргізілді. 2025 оқу жылының қаңтар айынан бастап, 2025-2026 оқу жылдарына «Bilimclass.kz» электронды журналына мониторингі алынып, талдау жасалды.

2023-2024 жылғы 01.09.2023-20.03.2024 дейін мониторинг бойынша тақырыптың толтырылуы – 100%, журналдың жүргізілуі – 99,31%, бағалар қойылған журналдар саны –386, ішінде 386, үй тапсырмасының уақытылы толтырылуы –92%, жоспарлауды жүргізу - 100%.

2024-2025 оқу жылы жылдық мониторинг бойын тақырыптың толтырылуы – 100%, журналдың жүргізілуі – 99,41%, бағалар қойылған журналдар саны –328, ішінде 328, үй тапсырмасының уақытылы толтырылуы –94,65%, жоспарлауды жүргізу – 99,97%.

2025- жылғы қаңтардан 01.09.2025-25.05.2026 дейін мониторинг бойынша тақырыптың толтырылуы – 100%, журналдың жүргізілуі – 100%, бағалар қойылған журналдар саны –13471, ішінде 20004, үй тапсырмасының уақытылы толтырылуы – 100%, жоспарлауды жүргізу - 100%.

Оқу пәндерінің негізгі мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беру бағдарламаларына сай жүргізілген.

«Күнделік.kz» «Bilimclass.kz» электронды журналдағы

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 2-тарау 10-24 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 2 тарау 23-37 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 2 тарау 23,28 тармағына сәйкес келеді.

3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске

асыру (ағымдағы оқу жылының тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі):

Талдау нәтижелері: 2025-2026 оқу жылындағы тәрбие жұмысын жүзеге асыру бойынша іс шараларының жоспары зерделеніп, қарастырылды.

Тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес жасалып, мектеп директорымен бекітілді.

Нормативтік құжаттарды іске асыруда тәрбие жұмысын жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баса назар аударған. Берілген құжаттардың ішінде тәрбие жұмысының құрылымы, мақсаты, міндеттері тәрбие жұмысының тұжырымдамалық негіздері бойынша құрылған. Көрсетілген жылдар бойынша оқу-тәрбие жұмысы үш құндылық бойынша ұйымдастырылған.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

2. Тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

«Адал Азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыру.

Негізгі міндеттері:

- азаматтық пен патриотизмді дамыту;
- адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;
- заң мен еңбекке құрмет тәрбиелеу;
- экологиялық мәдениетті дамыту;
- салауатты және қауіпсіз өмір салты мәдениетін қалыптастыру;
- отбасылық құндылықтарды дамыту;
- құқықбұзушылық пен буллингтің алдын алу;
- мектептегі өзін-өзі басқару мен волонтерлікті дамыту.

3. Әлеуметтік жобаларды іске асыру

Өткізілген іс-шаралар	Саны	Қамтылған білім алушылар	Нәтиже
«Қамқор жобасы»	15	200	қамқор жобасы аясында жүзеге асырылған шараларымыз ауылымызда әлеуметтік жауапкершілік пен мейірімділік мәдениетін дамытуға ықпал етті. Волонтерлік жұмысымыз арқылы біз адамдардың бір-біріне деген көмегін арттырып, қоғамымызда жақсылық жасауға ұмтылды.
«Шабыт»	4	40	Байқаулар барысында балалар шығармашылық қабілеттерін паш етіп, жеңістеріне үлкен қуанышпен қарады. Шабыт жобасы балалардың өнерге деген қызығушылықтарын арттырып, өздерін таныстыруға мүмкіндік берді.
«Ұшыр ой алаңы»	6	30	пікірталас алаңы қатысушылар үшін білім мен тәжірибе алмасу, азаматтық позицияларын білдіру және шығармашылық әлеуеттерін көрсету алаңы болды. Бұл шара жастар арасында ойлау мәдениетін дамытуға және белсенді азаматтық ұстанымдарды қалыптастыруға үлес қосты.

«Smart bala»	10	18	оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамытуға, командалық жұмыс дағдыларын қалыптастыруға және халықаралық аренада өздерін көрсетуге мүмкіндік берді. Аталған шаралар арқылы балаларымыздың бойында инновациялық ойлау қабілеттері мен шығармашылық әлеуеті дами түсті.
«Балалар кітапханасы»	9	290	атқарылған жұмыстар балалар кітапханасының оқу-тәрбие процесіне қосқан үлесін көрсетеді. Балаларға кітап оқудың маңызды екендігін үнемі насихаттап, шығармашылық әлеуеттерін дамытуға оң әсер етті.
«Еңбегі адал - жас өрен»	10	75	"Еңбегің Адал Жас Өрен" жобасы жастарды қоғамда белсенді және еңбекқор болуға, адалдық пен жауапкершілікті бағалауға бағыттап отырып, ізгі істер мен шығармашылықты дамытуға мүмкіндік туғызды. Жобаның нәтижесінде, жастар арасында еңбек этикасының маңызы артып, олар бойында әлеуметтік жауапкершілік сезімі қалыптасты.

Талдау: Қамқор жобасының аясында біз көптеген игілікті іс-шараларды ұйымдастырдық. Волонтерлердің белсенді қатысуымен жүзеге асырылған жұмыстарымыздың нәтижелері төмендегідей:

1. Қарттар күніне орай көмек көрсету:

Қарттар күні мерекесін атап өту барысында, біз волонтерлік топпен бірге жалғызбасты қариялар мен зейнеткерлердің үйлеріне барып, оларға қолдау көрсеттік. Шаршау мен жалғыздықты жою мақсатында, оларға жылы сөздер айтып, шағын сыйлықтар табыс еттік.

2. Жағдайы төмен отбасыларға көмек көрсету:

Нашар әлеуметтік ахуалда жүрген отбасыларға көмек көрсету үшін арнайы акция ұйымдастырылды. Біз тұрмыстық заттар, азық-түлік және киім-кешекпен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргіздік. Нәтижесінде, 10-ға жуық отбасы қажетті заттармен қамтылды, бұл оларға қиын жағдайда көмек көрсетудің оңтайлы жолы болды.

3. Құстарға ұя жасау:

Табиғатты қорғау мақсатында волонтерлермен бірге құстарға ұя жасау акциясы ұйымдастырылды. Біз ауыл аймақтарда құстардың құрып кетуіне жол бермеу үшін арнайы ұялар жасап, орнатып шықтық. Бұл жұмыстарымыз экологиялық білім беруге және табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыруға үлес қосты.

Шабыт Жобасы: Шабыт жобасы аясында 3А, 3Ә, және 0 А сыныптары "Жұлдызды сәт" аудандық байқауына қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізді.

3 Ә сынып аудандық байқауда белсенді қатысып, құқықтарын жоғары бағаланып, **3-орын** иеленді.

0 А сынып болса, облыстық байқауда өздерінің ерекше дағдыларын көрсете отырып, **1-орын** алды.

Байқаулар барысында балалар шығармашылық қабілеттерін паш етіп, жеңістеріне үлкен қуанышпен қарады. Шабыт жобасы балалардың өнерге деген қызығушылықтарын арттырып, өздерін таныстыруға мүмкіндік берді.

«Ұшқыр ой алаңы» аясында ұйымдастырылған пікірталас сессиялары барысында "Жасанды интеллект", "Патриоттық рух", "Ұлттық дәстүр" және "Жылдың үздік спикері" тақырыптары қарастырылды. Әр тақырып бойынша белсенді пікір алмасу жүргізіліп, қатысушылар арасында терең талқылаулар өтті.

1. **Жасанды интеллект:**

Пікірталас барысында жастардың жасанды интеллекттің қоғамдағы рөлі, оның пайдасы мен зияны туралы ойлары тыңдалды. Қатысушылар ақпараттық технологиялардың дамуы мен этика мәселелерін талқылап, болашақта жасанды интеллекттің адам өміріне ықпалына назар аударды.

2. **Патриоттық рух:**

Патриоттық рухты нығайту мен ұлттық қадір-қасиеттерді сақтау маңызды екендігі туралы мәселелер талқыланды. Қатысушылар еліміздің мәдениеті мен тарихын дәріптеудің, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеудің тәсілдері жөніндегі ойларын ортаға салды.

3. **Ұлттық дәстүр:**

Ұлттық дәстүрлердің маңыздылығы мен оларды сақтау жолдары туралы пікір білдірілді. Қатысушылар дәстүрді жаңғырту мен мәдениетті дамыту бағытында халықтық салт-дәстүрлердің рөлін атап өтті.

4. **Жылдың үздік спикері:**

қатысушылар арасында ең үздік спикерлерді анықтап аудандық «дебат» сайысына қатысты. Сайыс қызықты әрі эмоционалды өтті. Спикерлердің арасындағы бәсеке қатысушылардың ой-өрісін кеңейтуді және сөйлеу мәдениетін жетілдіруді қамтамасыз етті.

«Smart bala» жобасы: Оспанов Дулат Кенжебековичтің жетекшілігімен оқушыларымыз облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарға белсенді қатысып, зор жетістіктерге қол жеткізді.

1. **Облыстық және республикалық жарыстар:**

Оқушыларымыз облыстық және республикалық деңгейдегі жарыстарда түрлі салаларда, атап айтқанда, ғылым, техника және өнер бағыттарында жоғары нәтижелер көрсетті. Бұл байқаулар оқушылардың қабілеттерін шыңдауға және өз білімдерін дамытуға мүмкіндік берді.

2. **Халықаралық робототехника олимпиадасы:**

Анталія қаласында өткен халықаралық робототехника олимпиадасында мектебіміздің 8 сынып оқушысы Серік Абылайхан қатысып, 19 команда арасынан **5-орынды** иеленді. Бұл жүлде оқушымыздың білімі мен дағдыларының жоғары деңгейін дәлелдеді және еліміздің білім жүйесінің халықаралық деңгейде таныстырылуына ықпал етті.

«Эко ауыл» жобасы бойынша Бақтияр Нүркен облыстық онлайн сайысқа қатысып 1 орынды иеленді. Жетекшісі Ерлан Мөлдіргүл.

Балалар кітапханасы: Балалар кітапханасы өткен кезеңде көптеген игілікті жұмыстарды жүзеге асырды. Атқарылған жұмыстардың нәтижелері төмендегідей:

1. **Оқу мәдениетін насихаттау:**

Кітапхана оқушылар арасында оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында түрлі іс-шаралар, атап айтқанда, оқу байқаулары, кітап фестивальдары және әдеби кештер ұйымдастырды. Нәтижесінде, балалардың кітап оқуға деген қызығушылығы артты.

2. **Кітап қорын жаңарту:**

Балалар кітапханасы жаңа кітаптармен толықтырылып, балалардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарына сай әдебиеттермен қамтамасыз етілді. Бұл балалардың оқу қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік берді.

3. **Жазғы демалыс бағдарламалары:**

Жазғы демалыс кезінде кітапхана балаларға арналған арнайы бағдарламалар ұйымдастырып, балалардың бос уақытын пайдалы өткізуіне көмектесті. Ойындар, шығармашылық шеберлік сабақтары және әдебиет таныстыру рәсімдері табысты өтті.

4. **Волонтерлік жобалар:**

Кітапхана оқушылардың волонтерлік қызметке қатысуына да мүмкіндік берді. Олар кітапхана шараларына көмектесіп, оқырмандармен арасындағы байланыстарды нығайтуға үлес қосты.

5. **Кітапханалық сабақтар:**

Кітапхана мамандары мектептермен ынтымақтаса отырып, оқушыларға ақпаратпен

жұмыс жасау дағдыларын үйрету мақсатында кітапханалық сабақтар өткізді. Бұл сабақтар оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттыруға ықпал етті.

"Еңбегі адал- жас өрен" жобасы аясында жастардың еңбекқорлығын, адалдықты және қоғамдық жауапкершілікті насихаттау мақсатында бірқатар жұмыстар жүргізілді. Атқарылған жұмыстардың есебі төмендегідей:

1. Еңбек тәрбиесіне семинарлар:

Жобаның шеңберінде жастарға еңбек тәрбиесінің маңыздылығын түсіндіруге арналған семинарлар өткізілді. Семинарларда еңбек даярлығы, тұрақтылық, және кәсіптік білім беру мәселелері талқыланды. Бұл іс-шараға 100-ден астам жас қатысып, өз ойларымен бөлісті.

2. Волонтерлік акциялар:

Жастар арасында волонтерлік қызметті насихаттау үшін бірқатар акциялар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, табиғатты қорғау, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға көмек көрсету, және қоғамдық орындарға тазалық жұмыстарын жүргізу бойынша іс-шаралар өткізілді. Акцияларға 100-ден астам жас қатысып, өздері жасап жатқан игі істер арқылы қоғамға септігін тигізді.

3. Кәсіптік бағдар беру:

Жастарды жұмысқа орналастыру мен кәсіптік бағдар беру мақсатында арнайы кездесулер мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Мектеп түлектері мен жастарға қажетті мамандықтарды таңдауға көмек көрсетілді. Нәтижесінде, 50-ден астам жас мамандық таңдауда өздерінің мақсаттарын айқындап, түрлі кәсіптік бейімділіктерін анықтады.

Әлеуметтік желілерде ақпараттық науқандар:

Жоба аясында әлеуметтік желілерде еңбекқорлық пен адалдықты насихаттаушы арнайы контенттер мен видеолар жарияланды. Аталған науқандар жастардың қызығушылығын арттырып, олардың белсенділігін ынталандырды.

4. «Адал Азамат» бағдарламасы бағыттарын іске асыру

4.1. Азаматтық-патриоттық тәрбие

Өткізілген іс-шаралар	Саны	Қамтылған білім алушылар	Нәтиже
Сынып сағаттары	16	302	Азаматтық патриоттық тақырыбына өткен сынып сағаты оқушылардың елімізге деген сүйіспеншіліктерін арттырып, бір-біріне деген құрмет пен жауапкершілік сезімін нығайтты. Бұл шараны өткізу арқылы жастардың патриоттық рухын көтеріп, оларды азаматтық белсенділікке шақыру мақсатында үлкен үлес қостық.
Акциялар	1	22	"Жемқорлыққа Қарсымыз!" акциясы қоғамда жемқорлыққа қарсы күресті насихаттауға, жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, және адалдық пен шынайылық құндылықтарын дарытуға зор үлес қосты. Акция нәтижесінде қоғамда жемқорлыққа қарсы бірлескен құндылық қалыптастырылды. Жемқорлыққа қарсы күресте рөл атқарған оқушылар мен волонтерлер арнайы дипломдармен, алғыс хаттармен және

			сыйлықтармен ынталандырылды.
Кездесулер / экскурсиялар	12	302	Бүгінгі кездесулердің нәтижесінде жастар мен қоғам мүшелері арасында қауіпсіздік мәселелері бойынша білу, түсіну және оларды алдын алу шараларын қолдану бойынша ақпараттандыру деңгейі артты. Бұл шаралар алдағы уақытта қауіпсіздікті қамтамасыз ету және әлеуметтік жауапкершілікті нығайту бағытында маңызды рөл атқарады. Акцияның қорытындысы бойынша қатысушылар қауіпсіздік шараларын өз өмірлерінде қолдануға, басқаларды да ақпараттандыруға, патриоттық және әлеуметтік жауапкершіліктерін сезінуге ынталанды. 5–11 сынып ұлдарымен «Сен – болашақ қорғаушысың» тақырыбында мектебіміздің аға ұстаздарының қатысуымен ашық дебат форматындағы кездесу алаңы ұйымдастырылды. Акцияның нәтижесінде қауіпсіздік шаралары мен мәселелері туралы жастар мен балалардың білім деңгейі едәуір артты. Олардың құқықтары мен жауапкершіліктері туралы ақпараттылығы нығайтылды. Бұл шаралар қоғамдағы қауіпсіздікті одан әрі жақсартуға көмектеседі және жастарды жауапты шешімдер қабылдауға ынталандырады.
Байқаулар	4	172	«Жалтыр» ауылында өткен Алғашқы әскери дайындық жарысында біздің мектеп жалпыкомандалық 2-орынды жеңіп алды! Жетекшісі: Абдрахманов Б.А Мектебімізде «Саптық әндер» байқауы өтті. Оған 5-11 сынып оқушылары қатысты.

Талдау: Азаматтық патриоттық тақырыбына арналған сынып сағаты барысында оқушылардың елімізге, мәдениетімізге және тарихымызға деген патриоттық сезімдерін дамытуға зор көңіл бөлінді. Сынып сағатының нәтижелері келесідей:

1. Оқушылардың қатысуы:

Сынып сағатында 30-ға жуық оқушы белсенді түрде қатысып, өз пікірлерін ашық білдірді. Оқушылар патриотизмнің мағынасы, оның қоғамдағы рөлі және ұлттық құндылықтар туралы пікірталас жүргізді.

2. Топтық жұмыстар:

Оқушылар топтарға бөлініп, "Менің елім" немесе "Патриот болудың маңызы" тақырыптарында постерлер дайындады. Нәтижесінде, әр топ шығармашылық қабілеттерін көрсете отырып, еліміздің жетістіктері мен мәдени құндылықтарын қамтитын ерекше жұмыстар жасады. Постерлер сынып бөлмесінде ілініп, көрмеге қойылды.

3. Мультимедиялық материалдар:

Сағат барысында патриоттық тәрбие туралы мультимедиялық роликтер көрсетілді. Оқушылар еліміздің тарихы, достық, Unity және ұлттық игіліктер туралы білімдерін арттырды. Бұл материалдар балалардың патриоттық сезімдерін оятып, motivation берді.

4. **Сұрақ-жауап сессиясы:**

Сағат соңында оқушылар арасында патриотизм, елге қызмет ету, және қоғамдық жауапкершілік туралы сұрақ-жауап сессиясы өтті. Оқушылар өзара пікір алмасып, азаматтық жауапкершіліктерінің маңыздылығын түсінді.

5. **Қорытынды пікір:**

Сынып сағатының соңында оқушылар патриоттық сезім мен азаматтық жауапкершілік туралы өз ойларын білдірді. Көптеген оқушылар еліміздің болашағына үлес қосуға, қоғамдық пайдалы істерге қатысуға ниет білдірді.

Қауіпсіздік Жөніндегі Кездесулер: Нәтижелер

Жол, өрт, көктайғақ қауіпсіздігі, нашақорлық, ерте жүктілік, ашық терезе және жаз мезгіліндегі суға түсу қауіпсіздігі мәселелеріне қатысты ұйымдастырылған кездесулердің нәтижелері төмендегідей:

1. **Жол қауіпсіздігі:**кездесу барысында жол қозғалысы ережелерін сақтау тақырыбы көтерілді. Оқушыларға жолда жүру ережелері, жаяу жүргіншілердің жауапкершілігі, көлік жүргізушілері мен жаяу жүргіншілер арасындағы қарым-қатынас туралы ақпарат берілді. Нәтижесінде 150-ден астам қатысушының 95%-ы жол қауіпсіздігі ережелерін жақсы меңгерді.
2. **Өрт қауіпсіздігі:**өрт қауіпсіздігі бойынша өткізілген кездесуде оқу орындарында өрт қауіпсіздігі ережелері, алғашқы көмек көрсету шаралары және өрт сөндіру құралдарының түрлері таныстырылды. Қатысушылардың 80%-ы өрт қауіпсіздігі туралы алған білімдерін ескеріп, өздерінің отбасы мен қоғамдағы қауіпсіздік шараларын белсенді жүзеге асыруға ниет білдірді.
3. **Көктайғақ қауіпсіздігі:**көктайғақ кезінде жүріп-тұру ережелері мен қауіпсіздік шаралары жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Кездесулерде көктайғақтағы қауіпті жағдайларда қалай әрекет жасау керектігі туралы ұсыныстар айтылды. Кездесуге қатысушылардың 90%-ы көктайғақ кезінде қауіпсіз жүріс-тұрыс әдістерін меңгерді.
4. **Нашақорлыққа қарсы күрес:**нашақорлық туралы өткізілген кездесу барысында оның зияны, әсерлері және алдын алу жолдары қызу талқыланды. Жастар арасында нашақорлыққа қарсы күреске қатысты белсенділік байқалды. Кездесуге қатысқан жастардың 85%-ы нашақорлықтың қауіптілігін және оған қарсы тұрудың қажеттілігін түсінді.
5. **Ерте жүктілік:**ерте жүктіліктің алдын алу мәселесі бойынша өткізілген кездесуде ұлттық және халықаралық тәжірибелер таныстырылды. Жастар мен ата-аналар арасында ашық пікірталастар өтті. Кездесуге қатысушылардың 75%-ы жастарға қатысты жауапкершілік сезімін қалыптастыру қажеттігін баса айтты.
6. **Ашық терезе қауіпсіздігі:**ашық терезелердің қауіп-қатерлері жайында өткізілген кездесуде балаларға терезелерді ашық қалдырмау жөнінде нұсқаулар берілді. Сұрақ-жауап сессиялары өткізіліп, қатысушылар терезе қауіпсіздігі туралы білімдерін тереңдетті.
7. **Суға түсу қауіпсіздігі:**жаз мезгілінде суға түсу қауіпсіздігі төңірегінде өткізілген кездесуде шомылу кезінде қандай қауіптер болуы мүмкін екендігі және өздігінен құтқару шаралары туралы ақпарат берілді. Кездесуге қатысушылардың 80%-ы судағы қауіпсіздік негіздерін түсініп, жаз маусымында суға түсу қауіпсіздігіне қатысты білімдерін нығайтты.

Әскери-патриоттық және спорттық бағыттағы іс-шаралардың нәтижесінде оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігі, жауапкершілігі мен көшбасшылық қабілеттері дамыды. «Жалтыр» ауылында өткен алғашқы әскери дайындық жарысында мектебіміздің командасы жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, жалпыкомандалық ІІ орынды иеленді. Жарыс барысында оқушылар әскери саптық дайындық, тәртіп және командалық бірліктің үлгісін көрсетті. Команда жетекшісі – Абдрахманов Б.А.

Мектепшілік «Саптық әндер» байқауына 5–11 сынып оқушылары белсенді қатысып, саптық жүріс, әскери пәрмендерді орындау және патриоттық әндерді орындау бойынша өз шеберліктерін көрсетті. Байқау оқушылардың ұйымшылдығын, тәртібін және патриоттық рухын нығайтуға ықпал етті.

Сонымен қатар, өткізілген спорттық жарыстар оқушылардың дене дайындығын арттырып, салауатты өмір салтын ұстануға деген қызығушылықтарын күшейтті. Жарыстар барысында оқушылар өзара достық қарым-қатынас орнатып, жеңіске деген жігер мен табандылық танытты.

Нәтижесінде оқушылардың әскери-патриоттық тәрбиесі жетілдіріліп, спортқа деген қызығушылығы артып, командалық жұмыс жасау дағдылары қалыптасты. Іс-шаралар жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, жауапкершілік және белсенді азаматтық ұстанымдарды дамытуға оң әсерін тигізді.

4.2. Рухани-адамгершілік тәрбие

Іс-шаралар	саны	қамту	Нәтиже
Сынып сағаты	20	302	Іс-шаралар барысында оқушылар өз ойларын еркін жеткізіп, өмірлік құндылықтар туралы пікір алмасты. Қайырымдылық және еріктілік жұмыстарға қатысу арқылы оқушылардың жанашырлық, қамқорлық қасиеттері дамыды. Ардагерлер мен қарттарға көмек көрсету, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға қолдау білдіру сияқты шаралар оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттырды.

Талдау: Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша оқу жылы ішінде оқушылардың бойына ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған көптеген тәрбиелік іс-шаралар өткізілді. Атап айтқанда, сынып сағаттары, қайырымдылық акциялары, кездесулер, танымдық сағаттар, мерекелік шаралар және рухани құндылықтарды насихаттайтын түрлі байқаулар ұйымдастырылды.

Өткізілген іс-шаралардың негізгі мақсаты – оқушыларды адамгершілікке, мейірімділікке, үлкенді құрметтеуге, кішіге қамқор болуға, өзара сыйластық пен жауапкершілікке тәрбиелеу болды. Өткізілген жұмыстар оқушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін қалыптастыруға, мінез-құлық нормаларын сақтауға және қоғамдық ортада өзін дұрыс ұстай білу дағдыларын дамытуға оң ықпал етті. Оқушылар арасында өзара сыйластық, достық қарым-қатынас және жауапкершілік сезімі нығайды.

Жалпы, рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша атқарылған жұмыстар жоспарға сәйкес орындалып, қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізілді.

4.3. Ұлттық тәрбие және мәдени құндылықтарды насихаттау

Іс-шаралар	Саны	Қамту	Нәтиже
Сынып сағаттары «Қазақтың салт-дәстүрлері»	9	302	Оқушылар ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрлер туралы білімдерін кеңейтті. Ұлттық құндылықтарға деген құрмет сезімі нығайды.
«Ұлттық құндылық – ұлт қазынасы» қыз тәрбиесі бойынша дөңгелек үстел.	1	57	Қыздарымызға «Жеңгелер» клубының қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастырылып, нәтижесінде қыз балалардың тәрбиесі бойынша, шаш үлгілері, жасанды кіріптің зияны туралы түсініктер берілді. Қыз балалар қандай заттың зиян, қайсы заттың пайдасы бар екенін түсінді. Болашақта өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды сақтап жүру өздерінің мойнында екеніне ой түйді.
«Әке көрген оқ жонар» әкелер клубының кездесуі	2	28	Әкелер мен балалар арасындағы қарым-қатынас нығайтып, өзара түсіністік пен сенім деңгейі артты. Балалар әкелерінен ұлттық қолөнердің қыр-сырын үйреніп, еңбекке деген қызығушылықтарын дамытты. Қамшы өру, қолөнер бұйымдарын жасау сияқты

			жұмыстар арқылы ұлттық дәстүрлер мен ата кәсіпке құрмет қалыптасты. Әкелер бала тәрбиесіндегі өз жауапкершілігін тереңірек сезініп, тәрбиелік тәжірибелерімен бөлісті.
«Қыз жасауы» жобасы	1	302	Оқушылар мен ата-аналар қазақ халқының қыз жасауына қатысты салт-дәстүрлері мен ұлттық құндылықтарын тереңірек таныды. Әр сынып ата-аналарының белсенді қатысуымен қыз жасауының негізгі бұйымдары – сандық, көрпе, жастық, төсек-жабдықтар, ұлттық киімдер және басқа да тұрмыстық заттар дайындалып, көрмеге ұсынылды. Оқушылар ұлттық қолөнердің ерекшеліктері мен тәрбиелік мәні туралы білімдерін толықтырды. Отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастық нығайтып, ата-аналардың тәрбие жұмысына қатысу белсенділігі артты.
“Күй күмбірі” акциясы	1	10	Домбыраның күмбірлеген үні арқылы оқушылар халқымыздың бай мәдени мұрасын дәріштеп, күй өнеріне деген қызығушылықтарын көрсетті. Бұл шара жас ұрпақтың рухани тәрбиесін нығайтып, ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттыруға бағытталды.
«Бесік жыры – ұлт тәрбиесінің бастауы»	1	4	Бесік жыры – ұлт тәрбиесінің бастауы» байқауы арқылы Оқушылар мен ата-аналар бесік жырының тәрбиелік және рухани мәні туралы мол мағлұмат алды. Қазақ халқының бесікке байланысты салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары кеңінен насихатталды. Ұлттық мәдени мұраға деген қызығушылық пен құрмет артты.

Талдау: Осындай іс-шаралар барысында оқушылар ұлттық салт-дәстүрлердің мән-маңызын түсініп, мәдени мұраның қоғамдағы орнын тереңірек ұғынды. Ұлттық ойындар мен көріністер оқушылардың қызығушылығын арттырып, олардың белсенді қатысуына ықпал етті. Кері байланыс нәтижесінде қатысушылардың басым бөлігі ұлттық құндылықтарды сақтаудың маңыздылығын атап өтті. Сондықтан мұндай іс-шараларды жүйелі түрде өткізу оқушылардың патриоттық сезімін, ұлттық болмысын және мәдени танымын дамытуға оң әсер етеді.

4.4. Құқықтық тәрбие және құқықбұзушылықтың алдын алу

Көрсеткіш	Саны
Өткізілген профилактикалық іс-шаралар	9
Инспекторлармен / мамандармен кездесулер	5
Анықталған құқықбұзушылық жағдайлары	1
Мектепшілік есептегі білім алушылар	0
Қолайсыз отбасылар	4

Қабылданған шаралар мен нәтижелер:

Жүргізілген іс-шаралардың нәтижесінде оқушылардың құқықтық білім деңгейі артты, заңға құрметпен қарау мәдениеті қалыптаса түсті. Оқушылар мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтаудың маңызын түсініп, өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға дағдыланды. Құқық бұзушылықтың, тәртіпсіздік пен келеңсіз жағдайлардың алдын алу жұмыстары оң нәтиже берді.

Дегенмен, құқықтық тәрбиені одан әрі жетілдіру мақсатында құқық қорғау

органдарымен бірлескен жұмыстарды жалғастыру, оқушылар мен ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралардың санын арттыру қажет. Жалпы алғанда, құқықтық тәрбие және құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары өз мақсатына сай жүргізіліп, оң нәтижелер көрсетті.

4.5. Буллингтің, зорлық-зомбылықтың алдын алу және киберқауіпсіздік

Іс-шаралар	Саны	Қамту	Нәтиже
Сынып сағаттары	36	302	Оқушылар буллинг, кибербуллинг және зорлық-зомбылықтың түрлері мен олардың зиянды салдары туралы толық ақпарат алды. Қатысушылар өз құқықтары мен міндеттерін біліп, қауіп төнген жағдайда көмек сұрау жолдарын меңгерді. Оқушылар арасында бір-біріне құрметпен қарау, төзімділік пен жауапкершілік қасиеттері нығайды.
«Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы	16	302	Оқушылардың зорлық-зомбылықтың түрлері, оның салдары және алдын алу жолдары туралы білім деңгейі артты. Қатысушылар адам құқықтарын құрметтеу, өзара сыйластық пен толеранттылық қағидаларын тереңірек түсінді. Оқушылар арасында мейірімділік, қамқорлық және жауапкершілік құндылықтарын насихаттау жұмыстары күшейді. Қауіпсіз мінез-құлық дағдылары қалыптасып, қиын жағдайларда көмекке жүгіну жолдары түсіндірілді.
DosbolLIKE бағдарламасы аясында «Буллингке қарсымыз» челленджі	12	302	Челлендж барысында түсірілген бейнероликтер арқылы оқушылар буллингке қарсы өз көзқарастарын білдіріп, белсенді азаматтық ұстанымдарын көрсетті. Оқушылардың шығармашылық қабілеттері, топпен жұмыс жасау және медиа сауаттылық дағдылары дамыды. Мектепте қауіпсіз әрі қолайлы психологиялық орта қалыптастыруға ықпал етті. Буллинг жағдайында үнсіз қалмай, көмек сұрау және қолдау көрсету мәдениеті қалыптаса түсті. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және өзара құрмет қағидаларын сақтау туралы түсінік нығайды.
«KIVA» бағдарламасы аясында сынып сағаттары	5	73	Оқушылар буллингтің себептері, түрлері және оның салдары туралы жан-жақты ақпарат алды. Сынып ұжымында өзара сыйластық, достық және қолдау көрсету мәдениеті нығайды. Білім алушылар буллингтің куәгері болған

			жағдайда дұрыс әрекет ету жолдарын меңгерді.
--	--	--	--

Талдау:

Өткізілген сынып сағаттары оқушылардың қауіпсіз орта қалыптастыру туралы түсініктерін кеңейтіп, құқықтық және цифрлық сауаттылықтарын арттыруға мүмкіндік берді. Талқылау барысында оқушылар өз ойларын ашық айтып, буллинг пен кибербуллинктің зардаптары туралы нақты мысалдар келтірді. Кері байланыс нәтижесінде оқушылардың басым бөлігі интернеттегі қауіпсіздік ережелерін сақтаудың және құрдастарымен сыйластық қарым-қатынас орнатудың маңызын түсінгенін көрсетті. «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы аясында сынып сағаттары, пікірталастар, ақпараттық кездесулер, тренингтер және түсіндіру жұмыстары өткізілді. Іс-шаралар барысында оқушылар зорлық-зомбылықтың физикалық, психологиялық, экономикалық және киберкеңістіктегі түрлері туралы ақпарат алып, оның адам өмірі мен қоғамға тигізетін кері әсерін талқылады.

DosbolLIKE бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Буллингке қарсымыз» челленджи оқушылардың белсенді қатысуымен өтті. Челлендж барысында білім алушылар буллинктің алдын алу, достық қарым-қатынасты нығайту және бір-біріне қолдау көрсету тақырыптарында бейнероликтер әзірледі. Жұмыстарында олар буллинктің жағымсыз салдарын көрсетіп қана қоймай, оны болдырмаудың тиімді жолдарын ұсынды.

«KiVa» бағдарламасы аясында өткізілген сынып сағаттары оқушылар арасында буллинктің алдын алуға және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталды. Іс-шара барысында оқушылар буллинктің түрлі көріністері, оның зардаптары және оған қарсы әрекет ету жолдары туралы ақпарат алды. Топтық жұмыстар, жағдаяттық тапсырмалар мен пікір алмасулар арқылы оқушылар өз ойларын еркін білдіріп, мәселені бірлесе талқылады.

4.6. Экологиялық және еңбек тәрбиесі

Іс-шаралар	Саны	Қамту	Нәтиже
Сенбіліктер	4	302	Оқушылар мен ұстаздар мектеп ауласын және айналасын тазалау жұмыстарына белсенді қатысты. Қоршаған ортаның тазалығын сақтау, қоқысты дұрыс сұрыптау және экологиялық мәдениет туралы түсініктері артты. Ұжымдық еңбекке қатысу арқылы оқушылардың жауапкершілік, ұйымшылдық және тәртіп дағдылары дамыды. Мектеп аумағы көркейіп, санитарлық жағдайы жақсарды.
Экологиялық акциялар	6	124	Табиғатты аялау, қоқысты азайту, қайта өңдеу және тазалықты сақтау туралы білімдері кеңейді. «Таза аула», «Жасыл мектеп», ағаш отырғызу сияқты акциялар арқылы мектеп аумағы көгалдандырылып, көркейтілді. Оқушылардың экологиялық жауапкершілігі мен азаматтық белсенділігі артты.
Еңбек жобалары	4	72	Әртүрлі қолөнер, мектеп ауласын абаттандыру, көгалдандыру және тұрмыстық бұйымдар жасау бағытындағы жұмыстар атқарылды. Еңбекке деген қызығушылық артып, шығармашылық қабілеттері жетілдірілді. Ұжымдық жұмыс арқылы жауапкершілік, тәртіп және бірлесіп әрекет ету дағдылары қалыптасты.

Талдау:

Өткізілген сенбіліктер мектептің экологиялық мәдениетін қалыптастыруға және оқушыларды еңбекке баулуға бағытталды. Іс-шара барысында білім алушылар аула тазалау, қоқыс жинау, ағаштар мен гүлдерге күтім жасау сияқты жұмыстарға белсенді қатысты. Бұл олардың табиғатқа деген жауапкершілік сезімін арттырып, қоршаған ортаны қорғаудың маңызын түсінуге мүмкіндік берді.

Жалпы, экологиялық акциялар өз мақсатына жетіп, оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға және табиғатты қорғауға деген оң көзқарасын нығайтуға ықпал етті. Мұндай іс-шараларды жүйелі түрде өткізу экологиялық тәрбиені одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді.

Еңбек процесінде оқушылар жоспарлау, жауапкершілік алу, тапсырманы уақытында орындау сияқты маңызды дағдыларды меңгерді. Сонымен қатар бірлескен жұмыс арқылы өзара көмек пен ынтымақтастық мәдениеті күшейді.

4.7. Салауатты өмір салтын қалыптастыру

Іс-шаралар	Саны	Қамту	Нәтиже
Спорттық жарыстар	5	82	Оқушылар спорттық жарыстарға белсенді қатысып, өздерінің физикалық дайындығын көрсетті. Салауатты өмір салтын ұстануға деген қызығушылық артты. Командалық ойындар арқылы ұжымшылдық, өзара қолдау және жауапкершілік дағдылары қалыптасты.
Әңгімелер / тренингтер Мектеп медбикесімен жұмыс	16	302	Оқушылар салауатты өмір салтының негізгі қағидалары (дұрыс тамақтану, спорт, жеке гигиена, зиянды әдеттерден бас тарту) туралы түсініктерін кеңейтті. Зиянды әдеттердің (темекі, алкоголь, нашақорлық) адам ағзасына тигізетін кері әсері туралы ақпарат алды. Күнделікті өмірде денсаулықты сақтау дағдыларына қызығушылық артты. Оқушылардың өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау көзқарасы қалыптасты.
Денсаулық күндері «Ерте жүктіліктің алдын алу» «Есірткіге қарсы күрес»	3	73	Оқушылар денсаулықты сақтау және нығайту туралы жан-жақты ақпарат алды. Ерте жүктіліктің алдын алу, оның әлеуметтік және медициналық салдары туралы түсініктері қалыптасты. Есірткі және психоактивті заттардың адам ағзасына, психикасына және өмір сапасына тигізетін зияны туралы білімдері кеңейді. Салауатты өмір салтын ұстануға деген қызығушылық пен жауапкершілік артты. Қауіпті мінез-құлықтан сақтану, дұрыс шешім қабылдау және «жоқ» деп айта білу дағдылары дамыды.

Талдау:

Спорттық жарыстар оқушылардың дене тәрбиесін дамытуға және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталды. Жарыс барысында білім алушылар әртүрлі спорт түрлерінен өз шеберліктерін көрсетіп, командалық және жеке сайыстарға қатысты.

Өткізілген әңгімелер мен тренингтер оқушылардың салауатты өмір салты туралы білімін арттыруға және денсаулық мәдениетін қалыптастыруға бағытталды. Іс-шаралар барысында оқушылар белсенді қатысып, өз ойларын еркін жеткізді, өмірлік жағдайларды талқылау арқылы дұрыс шешім қабылдауға үйренді.

Денсаулық күндері мен профилактикалық іс-шаралар оқушылардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғауға бағытталды. Әңгімелер, тренингтер және түсіндіру жұмыстары барысында ерте жүктіліктің алдын алу, репродуктивті денсаулықтың маңызы және жауапты мінез-құлық туралы нақты ақпарат берілді. Сонымен қатар есірткінің зияны мен оның адам өміріне тигізетін орны толмас зардаптары кеңінен түсіндірілді.

4.8. Ата-аналармен жұмыс

Жұмыс түрлері	Саны	Қамтылған ата-аналар	Нәтиже
Ата-аналар жиналыстары	16	214	Ата-аналар мектеп өмірімен, оқу-тәрбие үдерісімен және оқушылардың жетістіктерімен танысты. Бала тәрбиесіндегі отбасы мен мектептің ортақ жауапкершілігі туралы түсінік нығайды. Оқу үлгерімі, тәртіп, құқықтық тәрбие және қауіпсіздік мәселелері бойынша маңызды ақпарат берілді. Ата-аналардың педагогтармен кері байланысы күшейіп, бірлескен жұмыс деңгейі артты.
Тренингтер	4	126	Ата-аналар бала тәрбиесіндегі психологиялық ерекшеліктер туралы маңызды ақпарат алды. Отбасындағы қарым-қатынасты нығайту, балаға қолдау көрсету жолдары түсіндірілді. Баланың мінез-құлқындағы өзгерістерді дұрыс түсіну және алдын алу дағдылары қалыптасты. Ата-аналардың мектеппен өзара ынтымақтастығы күшейді.
Кеңестер	5	25	Оқушылар, ата-аналар және педагогтар түрлі тәрбиелік және психологиялық кеңестер алды. Оқу үлгерімін жақсарту, тәртіпті сақтау және уақытты тиімді жоспарлау бойынша ұсыныстар берілді.
Бірлескен іс-шаралар	12	203	Мектеп, ата-ана және оқушылар арасындағы өзара ынтымақтастық күшейді. Оқушылардың белсенділігі артып, түрлі іс-шараларға қызығушылығы жоғарылады. Ұжымдық жұмыс дағдылары дамып, жауапкершілік сезімі қалыптасты.

ППҚ қызметі

ППҚ қызметі оқушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге және оқу-тәрбие үдерісінде кездесетін қиындықтарды ерте анықтап, алдын алуға бағытталды. Педагог-психолог, әлеуметтік педагог және сынып жетекшілер бірлесе отырып, оқушылардың психоэмоционалдық жағдайына мониторинг жүргізді.

Жеке және топтық түзету-дамыту жұмыстары арқылы оқушылардың өзін-өзі бағалауы, қарым-қатынас дағдылары және оқу мотивациясы жақсарды. Сонымен қатар ата-аналармен жүргізілген түсіндіру жұмыстары отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайтты.

Талдау:

Өткізілген ата-аналар жиналыстары мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайтуға бағытталды. Жиналыстар барысында оқу үлгерімі, тәртіп, құқықтық тәрбие,

буллингтің алдын алу, салауатты өмір салты және қауіпсіздік мәселелері жан-жақты қарастырылды. Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, бала тәрбиесіне қатысты сұрақтарын қойып, нақты ұсыныстар алды. Бұл өз кезегінде ата-аналардың педагогикалық жауапкершілігін арттырып, бала тәрбиесіне белсенді араласуына ықпал етті.

Жалпы, ата-аналар жиналыстары өз мақсатына жетіп, мектеп пен отбасы арасындағы серіктестікті күшейтті, оқушылардың оқу-тәрбие процесіне оң әсер етті. Мұндай кездесулерді жүйелі түрде өткізу тәрбиелік жұмыстың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

4.9. Мектептегі өзін-өзі басқару және волонтерлік

Бағыт	Іс-шаралар саны	Қатысушылар саны	Нәтиже
Өзін-өзі басқару	8–10	120–180	Оқушылардың көшбасшылық қабілеті дамыды, жауапкершілік артты, мектеп өміріне белсенді қатысуы күшейді
Волонтерлік жобалар	6–8	100–160	Қайырымдылық, әлеуметтік қолдау және экологиялық акцияларға қатысу арқылы азаматтық белсенділік қалыптасты

Талдау:

Мектептегі өзін-өзі басқару және волонтерлік бағыттағы жұмыстар оқушылардың азаматтық белсенділігін арттыруға және көшбасшылық қабілеттерін дамытуға бағытталды. Өзін-өзі басқару ұйымы арқылы оқушылар мектеп өмірін ұйымдастыруға, іс-шараларды жоспарлауға және өткізуге белсенді араласты. Бұл олардың жауапкершілік сезімін күшейтіп, ұйымдастырушылық және коммуникативтік дағдыларын жетілдірді.

Волонтерлік жобалар аясында оқушылар қайырымдылық акцияларына, экологиялық іс-шараларға және әлеуметтік қолдау жұмыстарына қатысты. Бұл олардың мейірімділік, жанашырлық және әлеуметтік жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етті.

Жалпы алғанда, өзін-өзі басқару мен волонтерлік қызмет оқушылардың тұлғалық дамуына, қоғамдық белсенділік деңгейінің артуына және мектепте жағымды орта қалыптастыруға оң әсерін тигізді.

5. Әлеуметтік серіктестермен жұмыс

Ұйым	Өзара әрекеттесу түрлері	Нәтиже
Астрахан ауданы прокуроры	кездесу	8–11 сынып оқушыларымен «Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Іс-шара барысында аға прокурорлар Айжан Сансызбайқызы Тлеуберді мен Рауан Бақытжанқызы Аманбек оқушыларға мопед, скутер жүргізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары, жол қозғалысы ережелері, сондай-ақ дропперлік қылмыстың зардаптары туралы жан-жақты түсіндірме жұмыстарын жүргізді. жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, заң талаптарын түсіну, қауіпсіздік ережелерін сақтау мәдениетін қалыптастыру және оқушылардың құқықтық сауаттылығы қалыптасты.
Астрахан ауданының ТЖБ	кездесу	Кездесуге Астрахан ауданының ТЖБ аға анықтаушысы азаматтық қорғау аға лейтенанты Галимханов Гумар Рафаилович қатысып, оқушыларға өзен-көлдерде шомылу кезіндегі қауіпсіздік ережелері мен сақтық шаралары туралы кеңінен түсіндірді. Сонымен қатар, рұқсат етілмеген жерлерде

		шомылмау, үлкендердің қарауынсыз суға түспеу және төтенше жағдайда дұрыс әрекет ету жолдары айтылды.
Астрахан ауданы полиция бөлімі	кездесу	Іс-шараға Астрахан ауданы полиция бөлімі қызметкері, полиция аға лейтенанты Наурызбек Асылбекович Итемгенов оқушыларға мопед, самокат пайдалану және жол қозғалысы қауіпсіздігі, пластик терезеден болатын қауіптің алдын алу, жазғы демалыс кезіндегі сақтық шаралары, сондай-ақ өзен-көлдерде шомылу кезіндегі қауіпсіздік ережелері туралы жан-жақты түсіндірілді. оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау, жазатайым жағдайлардың алдын алу және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру.
Білім бөлімі әдіскерлері Астрахан ауданы прокуроры	кездесу	Астрахан ауданының прокуратурасының прокуроры Аманбек Рауан Бахытжанқызының, Астрахан ауданы Білім бөлімінің басшысының м.а. Мамраимов М.А. және аудандық білім бөлімінің әдіскері Карасаева Г.О-ның қатысуымен «Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ-де 8–9 сынып оқушыларымен маңызды кездесу өткізілді. Кездесу барысында оқушыларға «Құқықтық білім», буллингтің алдын алу, дропперлік әрекеттердің қауіптілігі және интернеттегі алаяқтықтан сақтану жолдары туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған бұл шарада оқушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, тиісті жауаптар алды. Осындай кездесулер жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруға және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге зор ықпал етеді.
жергілікті төтенше жағдайлар бөлімінің мамандары	кездесу	7–11 сынып оқушыларымен жергілікті төтенше жағдайлар бөлімінің мамандарының қатысуымен Галимхан Гумар мен Бимжанов Р профилактикалық кездесу өтті. Кездесудің негізгі мақсаты – оқушыларға өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіру, төтенше жағдай кезінде дұрыс әрекет етуге үйрету және “Заң мен тәртіп” қағидаттарына сай жауапкершілік пен сақтықты қалыптастыру. Қауіпсіздік – әрқайсымыздың ортақ міндетіміз!
Ақмола облысы Төтенше жағдайлар департаменті.	Zoom платформасы арқылы онлайн кездесу өткізді	пиротехникалық құралдарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік негіздері, сондай-ақ жол қозғалысы ережелері мен қауіпсіздік техникасы жан-жақты түсіндірілді. Қауіпсіздік мәдениетін арттыру, төтенше жағдайлардың алдын алу және мерекелік кезеңде қауіп-қатердің алды алынды.
Астрахан аудандық Өрт сөндіру бөлімі	кездесу	оқу-жаттығу өрт дабылы ұйымдастырылды. Шара барысында оқушылар мен мұғалімдер ғимараттан жедел әрі қауіпсіз эвакуациялау жолдарын тәжірибе

		<p>жүзінде пысықтады.</p> <p>Қызметкерлер өрт кезінде өзін-өзі ұстау ережелері, алғашқы әрекеттер және қауіпсіздік шаралары жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Бұл оқу-жаттығу оқушылардың төтенше жағдайларда дұрыс шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға үлкен үлес қосты.</p>
<p>Аудандық аурухананың нарколог дәрігері Волонтер, химиялық тәуелділік жөніндегі маман, аддиктолог</p>	<p>кездесу</p>	<p>«Есірткі мен есірткі бизнесіне қарсы іс-шаралардың алдын алу» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге: Аудандық аурухананың нарколог дәрігері – Ариева М.Р., Полиция бөлімінің бастығының орынбасары, полиция подполковнигі – Манатов А.Б., Волонтер, химиялық тәуелділік жөніндегі маман, аддиктолог (Астана қ.) – Андреев С.В., Астрахан ауданының “Жастар ресурстық орталығы” КММ директоры – Жакенова З.М., Аудандық білім бөлімінің әдіскері – Карасаева Г.О. қатысты.</p> <p>мамандар оқушылармен есірткі заттарының адам өміріне тигізетін зияны, құқықтық жауапкершілік және салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығы туралы кеңінен әңгімелесті.</p> <p>Іс-шара нәтижесінде оқушылар есірткі және психотроптық заттардың адам денсаулығына, психикасына және болашағына тигізетін зияны туралы жан-жақты мәлімет алды. Мамандардың түсіндіру жұмыстары арқылы білім алушылар зиянды әдеттердің алдын алу жолдарын меңгеріп, олардың құқықтық салдары мен жауапкершілігін түсінді.</p> <p>Кездесу барысында оқушылар салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығын ұғынып, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау қажеттігін түсінді. Сонымен қатар, заң талаптарын сақтау, зиянды әрекеттерден аулақ болу және дұрыс өмірлік таңдау жасау дағдылары қалыптасты.</p> <p>Нәтижесінде оқушылардың құқықтық сауаттылығы артып, зиянды әдеттердің алдын алу бойынша білімдері кеңейіп, салауатты өмір салтын насихаттауға деген қызығушылықтары артты.</p>
<p>Астрахан аудандық ауруханасының гинеколог маманы</p>	<p>кездесу</p>	<p>“Ерте жүктіліктің алдын алу” тақырыбында 7-11 сынып қыздарымен ашық алаңда ақпараттық-түсіндіру жұмысы өткізілді.</p> <p>Шараға Астрахан аудандық ауруханасының гинеколог маманы Керимова Фатима Руслановна қатысып, жасөспірімдерге ерте жүктіліктің салдары мен алдын алу жолдары туралы маңызды мәліметтер берді.</p> <p>Мақсаты – оқушылардың жауапкершілік сезімін арттырып, өзін-өзі бағалау мен сақтану мәдениетін қалыптастыру.</p> <p>Нәтижесінде оқушылардың денсаулық мәдениеті мен құқықтық сауаттылығы артып, ерте жүктіліктің алдын алу бойынша білімдері кеңейді. Іс-шара жасөспірімдердің жауапкершілік сезімін нығайтып,</p>

өзін-өзі бағалау мен қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыруға оң ықпал етті.


6. Тәрбие жұмысының ақпараттық сүйемелдеуі

Бағыт	Жарияланымдар саны
Мектеп сайты	956
Әлеуметтік желілер	1254
БАҚ	-

7. Білім алушылардың жетістіктері

Деңгей	Жетістіктер саны	Мысалдар
Мектепшілік	54	Мектепшілік спорттық жарыстар, сурет байқауы, мәнерлеп оқу, т.б. сайыстар ұйымдастырылып, оқушылар белсене атсалысты.
Аудандық	35	«Өнерлі қыз» атты қыздар арасындағы аудандық байқауы 2-орын «Мәңгілік жаса қыран елім- Қазақстан» қашықтық байқауы «Жасыл әлем» аудандық экологиялық байқау Қадырберді Ақерке I орын «Жасыл әлем» аудандық экологиялық байқау Бахтияр Нүркен I орын «Адал ұрпақ» конкурсы қыркүйек айы II орын, мамыр айы III орын «Жас тарихшылар мен өлкетанушылар» зерттеу жұмысының байқауы (аудандық I орын)
Облыстық	4	«Жасыл әлем» аудандық экологиялық байқау Қадырберді Ақерке сертификат «Жасыл әлем» аудандық экологиялық байқау Бахтияр Нүркен сертификат «Жас тарихшылар мен өлкетанушылар» зерттеу жұмысының байқауы (сертификат)
Республикалық	2	«Smart Bala» жобасы аясында Оспанов Дулат Кенжебекович, Серік Абылайхан III орын «Эко ауыл» экологиялық жоба онлайн конкурсы сертификат

Байқаулар мониторингі



8. Мәселелер және оларды шешу жолдары

Анықталған мәселелер	Қабылданған шаралар / шешу жолдары
<p>Тәрбие жұмысы барысында сабаққа кешігу, темекі шегу, оқушылар арасындағы жанжалдар мен төбелес жағдайларының орын алғаны анықталды. Аталған мәселелердің негізгі себептері ретінде оқушылардың тәртіп ережелерін толық сақтамауы, бос уақытын тиімді ұйымдастырмауы, ата-ана бақылауының жеткіліксіздігі және құрдастар ықпалы байқалды.</p>	<p>Мәселелердің алдын алу және шешу мақсатында бірқатар шаралар қабылданды. Атап айтқанда:</p> <p>Тәртіп бұзған оқушылармен жеке профилактикалық әңгімелер жүргізілді;</p> <p>Ата-аналармен байланыс орнатылып, түсіндіру жұмыстары өткізілді;</p> <p>Сынып жетекшілері мен мектеп психологы оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетті;</p> <p>Зиянды әдеттердің алдын алу мақсатында дәрістер, кездесулер және түсіндіру шаралары ұйымдастырылды;</p> <p>Мектептің ішкі тәртіп ережелері қайта түсіндіріліп, олардың орындалуына бақылау күшейтілді;</p> <p>Оқушыларды спорттық секцияларға, үйірмелерге және қоғамдық жұмыстарға тарту жұмыстары жүргізілді;</p> <p>Құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесулер өткізіліп, құқықтық жауапкершілік туралы түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды.</p> <p>Қабылданған шаралардың нәтижесінде оқушылардың тәртіпке деген жауапкершілігі артып, мектеп ережелерін сақтау деңгейі жақсарды. Алдағы уақытта да мектеп, ата-ана және қоғамдық ұйымдардың бірлескен жұмысы арқылы құқық бұзушылық пен зиянды әдеттердің алдын алу бағытындағы жұмыстар жалғастырылатын болады.</p>

8. Келесі оқу жылына қорытындылар мен перспективалар

Өткен оқу жылында тәрбие жұмысы кешенді түрде жүзеге асырылып, барлық негізгі бағыттар қамтылды: азаматтық-патриоттық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие, әлеуметтік жобалар, экологиялық және еңбек тәрбиесі, құқықтық тәрбие, салауатты өмір салтын қалыптастыру, сондай-ақ әлеуметтік серіктестермен бірлескен жұмыстар.

Азаматтық-патриоттық тәрбие бағытында мемлекеттік мерекелер, патриоттық акциялар, тарихи-танымдық іс-шаралар өткізілді. Оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігі, мемлекеттік рәміздерге құрметі, елжандылық сезімі қалыптасты.

Рухани-адамгершілік тәрбие аясында «Қыз жасауы», «Әке көрген оқ жонар», «Бесік жыры – ұлт тәрбиесінің бастауы» сияқты ұлттық құндылықтарға негізделген жобалар жүзеге асырылып, оқушылардың адамгершілік қасиеттері нығайды.

Әлеуметтік жобалар мен волонтерлік қызмет арқылы оқушылар қайырымдылық акцияларына, экологиялық бастамаларға және қоғамдық пайдалы жұмыстарға қатысып, азаматтық белсенділігі артты.

Экологиялық және еңбек тәрбиесі бағытында сенбіліктер, экологиялық акциялар, еңбек жобалары ұйымдастырылып, оқушылардың еңбекке жауапкершілігі мен табиғатты қорғау мәдениеті қалыптасты.

Құқықтық тәрбие және қауіпсіздік бағытында буллингтің алдын алу, киберқауіпсіздік, зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша іс-шаралар өткізіліп, оқушылардың құқықтық сауаттылығы артты.

Салауатты өмір салты бойынша спорттық жарыстар, тренингтер, денсаулық күндері ұйымдастырылып, оқушылардың денсаулығына жауапкершілікпен қарау дағдылары дамыды.

Әлеуметтік серіктестермен жұмыс (ата-аналар, құқық қорғау органдары, медицина қызметкерлері, қоғам өкілдері) жүйелі түрде жүргізіліп, тәрбие жұмысының тиімділігі артты.

Ұсыныстар:

Барлық тәрбие бағыттарын интеграцияланған жобалар арқылы біріктіру (комплексті мектеп жобалары).

Оқушылардың әлеуметтік жобаларын көбейтіп, нақты қоғамдық мәселелерді шешуге бағыттау.

Азаматтық-патриоттық тәрбиені цифрлық контент арқылы күшейту (видеожобалар, онлайн челленджер).

Рухани-адамгершілік тәрбиені отбасылық жобалармен ұштастыру (ата-ана–бала бірлескен іс-шаралар).

Волонтерлік қызметті кеңейтіп, жергілікті қауымдастықпен жүйелі серіктестік орнату.

Мектеп–ата-ана–әлеуметтік серіктестер арасындағы үшжақты ынтымақтастықты дамыту. Психологиялық қолдау мен қауіпсіз мектеп ортасын қалыптастыру жұмыстарын күшейту.

Экологиялық және еңбек тәрбиесін практикалық және жобалық форматқа толық көшіру.

Қорытынды:

Жалпы тәрбие жұмысы барлық бағыттар бойынша жүйелі түрде жүргізіліп, оқушылардың тұлғалық дамуына, азаматтық ұстанымының қалыптасуына және әлеуметтік белсенділігінің артуына оң әсер етті. Келесі оқу жылында тәрбие жұмысын жобалық, интеграциялық және серіктестік негізде дамыту басты басымдық болуы қажет.

10. Қосымшалар

- Тәрбие жұмысының жоспары;
- Фотоесептер;
- Жарияланымдарға сілтемелер;
- Аналитикалық анықтамалар;
- Мониторингтер мен диаграммалар;
- Іс-шаралар хаттамалары.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 2-тарау 5-тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 2 тарау 7- тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 2 тарау 5 тармағына сәйкес келеді.

4) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (ағымдағы оқу жылының қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен

қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі):

Талдау нәтижелері: Оқушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс іс-әрекетті өткізілу кестелері мен әзірлеген жоспарлар, оқушылардың жетістігін дәлелдейтін құжаттары бар. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие бағыты бойынша «Білім күні» салтанатты сап түзеу, «Тілдер фестивалі», «Рухани келісім күні», «Тәуелсіздік келешек кепілі күні» сыныптан тыс ашық іс-шаралар, «Жас ұлан» қатарына қабылдау, «Тәрбие қиын» ата-аналармен әңгіме, «Қамқорлық айы» қарттар күнінде және жыл бойы, ауылда жалғызбасты қариялардың үйлеріне «Темуришылар»командасы барып үйлерін, аулаларын жинасуға көмек көрсетіледі. «Рухани адамгершілік» бағыты бойынша «Мектепке жол» акциясы, «Толлерантылық күні», «ҚР валюта күні» сынып сағаттар, өзін-өзі тану онкүндігінде бастауыш сынып оқушылары, кабинетімен таныстырылды, 1-2 сынып оқушылар арасында «Алтын күз» атты сурет байқауы, «Отбасы-бақыт ұясы» бейнеролик байқауы өткізілді. 8 наурыз, «Наурыз мейрамы» мерекелерге байланысты тақырыптық көрмелер мен іс-шаралар ұйымдастырылды. Республикалық акция «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» Республикалық акцияға іс-шаралар ұйымдастырылды.

Еңбек, экономика және экология тәрбиесі жоспарлы түрде жүзеге асырылады. Оқушылардың сыныптан тыс уақытын тиімді пайдалану үшін мектеп ішінде сабақтан тыс үйірмелер: Жас тілші, Сахна өнері, Көркем жазу, Ұшқыр ой алаңы, Шешендік өнер, Мұражай әлемі атты үйірмелерге, оқушылардың кесте бойынша қатысуын және жүргізілуін қадағалау. Оқушылардың бос уақытын пайдалану үшін, ең алдымен олардың қандай пайдалы іспен шұғылдануды ұнататын, қабылетін зерттеп біліп, сыныптан тыс жұмыс жоспарын жасағанда ескеру керек. Бұл ретте біз сөз еткен зерттеу шеңберін кеңейтіп, сан қилы тәсілдер түрін жетілдіріп, нәтижелігін арттыру үшін аянбай еңбек ете білу керек. спорттық іс-шараларға оқушыларт Волейбол, Футбол, Баскетбол, Шаңғы, Шахмат, Теннис, Коньки спорты, Дойбы. Ұлттық ойындардың 4 түрі бар: Тоғызқұмалақ, Асық ату, Мерген, Қазақ күресі жұмыс жасайды.

Білім беру ұйымы рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін білім алушылар үшін сабақтан тыс іс-әрекетінің ұйымдастырылып орындалғанын оқушылардың жүлделі медальдары, дипломдар, сертификаттар, алғыс хаттардан көре аламыз.

«Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ – нің 2023 – 2024 оқу жылының 1 қыркүйегі мен 20 наурыз аралығындағы дене шынықтыру пәнінен мектебіміз жоспарға сай аудандық және облыстық жарыстарға толыққанды қатысып жүлделі орындарға ие болып жатыр, 2023 – 2024 оқу жылында атап айтар болсақ, қыркүйек айының басында өткізілген былғары доп жарысына мектебіміздің құрама командасы белсен қатысып 9 – 11 сыныптар жүлделі бірінші орынға ие болып ауданымыздың намысын қазан айында Ақмола облысы, Зеренді ауданында өткен облыстық жарыста жүлделі III орынға ие болды. Қазан айында өткен 7 – 8 сыныптар арасында футболдан мектебіміздің командасы жүлделі I орынға ие болып облыстық жарыста аудан намысын қорғап келді. Қазан айында өткізілген аудандық Миил – 2023 аудандық жүгіру марафонында мектебіміздің оқушылары және де ұжымы толық қатысып жүлделі орындарға ие болды. Аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес қазан айында өткен тоғызқұмалақ, асық ату, бес асық аудандық жарысына мектебіміз толыққанды қатысып жүлделі орындарға ие болды.

16 – 20 қазан күндері өткізілетін дене шынықтыру апталығының іс – шаралар жоспары.

Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру білімді, өнерлі спортқа шын берілген ұрпақ тәрбиелеу.

Ұраны: Күнделікті дене белсенділігі, денсаулық кепілі.

2023 жылдың 16 – 20 қазан аралығында Астрахан ауылының №1 ЖОМ дене шынықтыру апталығы өткізілді соған орай бекітілген жоспарға сәйкес бір қатар іс – шаралар өткізілді.

16.10.2023 жылы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Асханбай Ж мен Елиманов Е.С Апталықтың ашылуына орай 6 – 11 сыныптар арасында салтанатты жиын (Флешмоб) өткізді флешмобқа барлық сынып оқушылары мен ұстаздар белсене қатысты

16.10.2023 жылы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Асханбай Ж мен Елиманов Е.С 9 – 11 сыныптар арасында Баскетболдан мектепшілік жарыс өткізді жарысқа мектеп оқушылары толыққанды белсене қатысып қатысқан оқушылар марапатталды.

17.10.2023 жылы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Асханбай Ж мен Елиманов Е.С 6 – 7 сыныптар арасында Футболдан мектепшілік жарыс өткізді жарысқа мектеп оқушылары толыққанды белсене қатысып, қатысқан оқушылар марапатталды.

18.10.2023 жылы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Асханбай Ж мен Елиманов Е.С 8 – 11 сыныптар арасында Волейболдан мектепшілік жарыс өткізді жарысқа мектеп оқушылары толыққанды белсене қатысып, қатысқан оқушылар марапатталды.

18.10.2023 жылы Елиманов Е.С. 8 ә сыныбымен қозғалмалы ойындар «Волейбол ойынының ережесі» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабаққа 15 оқушы қатысты.

Мақсаты: оқушыларға «Волейбол ойынының ережесі» ойынының ережесімен толықтай таныстырып ойын барысында ойын ережесін толық меңгергеніне көз жеткізу, қимыл қозғалыс арқылы баланың функциялық өсуіне мән беру.

Ұйымдастыру кезінде оқушыларды бір қатарға тұрғызып реттік сандарға саналды күнделікті сабақ барысында қауіпсіздік ережесін еске түсіндірумен бастады. Мұғалім оқушылармен дене қыздыру жаттығуларын жасады, яғни бұнда жеңіл жүгіріс, қозғалыста жүгіру, кедергілер арқылы жүгіру, қолдарын жоғары ұстап жүгіру, аяқтың сыртқы және ішкі жағымен жүру сияқты әр түрлі жаттығулар жасатты. Жаттығудан соң оқушылар екі топқа бөліп ойын ережесімен таныстырып, волейбол ойынын ойнады. Барлық оқушылар белсене қатыса білді ойын барысында оқушылар бір біріне деген кішіпейілдік, қамқорлық көрсете білді. Бүгінгі сабақ барысында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі өз мақсатына және міндетіне жетті.

19.10.2023 жылы дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Асханбай Ж 6 – 11 сыныптар арасында Тоғызқұмалақтан мектепшілік жарыс өткізді жарысқа мектеп оқушылары толыққанды белсене қатысып, қатысқан оқушылар марапатталды

20.10.2023 жылы Асханбай Ж. 6 а сыныбымен қозғалмалы ойындар «Пионербол ойынының ережелері мен екі жақты ойын» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабаққа 18 оқушы қатысты.

Мақсаты: оқушыларға «Пионербол ойынының ережелері мен екі жақты ойын» ойынының ережесімен толықтай таныстырып қимыл қозғалыс арқылы баланың функциялық өсуіне мән беру.

Ұйымдастыру кезінде оқушыларды бір қатарға тұрғызып реттік сандарға саналды күнделікті сабақ барысында қауіпсіздік ережесін еске түсіндірумен бастады. Мұғалім оқушылармен дене қыздыру жаттығуларын жасады, яғни бұнда жеңіл жүгіріс, қозғалыста жүгіру, кедергілер арқылы жүгіру, қолдарын жоғары ұстап жүгіру, аяқтың сыртқы және ішкі жағымен жүру сияқты әр түрлі жаттығулар жасатты. Жаттығудан соң оқушылар екі топқа бөліп ойын ережесімен таныстырып, Пионербол ойынының ережелері мен екі

жақты ойын барлық оқушылар белсене қатыса білді ойын барысында оқушылар бір біріне деген кішіпейілдік, қамқорлық көрсете білді. Бүгінгі сабақ барысында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі өз мақсатына және міндетіне жетті.

20.10.2023 жылы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Асханбай Ж мен Елиманов Е.С апталықты қорытындылап, апта барысын, да белсене қатысқан оқушыларды марапаттады.

Қазан айның 20 күні Республика күніне орай мектебіміздің футбол алаңында толағай отбасылық сайысын мектебіміздің дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Елиманов Е, Асханбай Ж ұйымдастыруымен алтыншы сынытар арасында өтілді. Ата аналар белсенді қатысып екі сыныптан төрт ата ана қатысып балаларға көңілді көңіл күй сыйлады, іс шараны мектебіміздің директорының міндетін атқарушы Абдрахманов Болат Амангельдинович бастаған әділ қазылар алқасы шынайы бағасын берді, жеңімпаз отбасылары мектеп грамоттасымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Қараша айында 7-8 сыныптар арасында өткен Үстель үсті теннисінен мектебіміздің құрама командасы үшінші орынға ие болды.

Қараша айында өткен тоғызқұмалақтан 9 – 11 сыныптар арасында мектебіміздің құрама командасы ІІ орынға ие болса, үстел үсті теннисінен ІІІ орынға ие болды.

Қаңтар айында өткен фотзалдан 9 – 11 сыныптар арасында мектебіміздің құрама командасы аудандық жарыста І орынға ие болып, Целиноград ауданында өткен аумақтық жарысқа қатысып ІІ орынға ие болып қаңтар айының 23 мен 26 аралығында өтетін облыстық жарысқа жолдама алды, бұл жарыста оқушылар жақсы ойын көрсетіп ІV орынға ие болды.

Ақпан айында ұлдар арасында өткен баскетболдан 9 – 11 сыныптар арасында мектебіміздің құрама командасы аудандық жарыста ІІІ орынға ие болды.

Ақпан айында өткен қысқы көпсайыстан мектебіміздің құрама командасы аудандық жарыста І орынға ие болды.

2023-2024 оқу жылында **Үйірме, секциялар, сабақтан тыс әрекеттер бойынша** оқушылардың жетістігін дәлелдейтін құжаттар, грамоталар берілді. Сабақтан тыс іс-шараның 2023-2024 оқу жылының кестесі мен жоспарлары жасалып, мектеп директорымен бекітілді.

Талдау нәтижелері: 2025-2026 оқу жыл басында эстетикалық әдістемелік бірлестігінің жылдық жоспары бекітіліп сол жоспар бойынша бірлестігіміз жұмыс жасап келе жатыр. Бекітілген жоспар бойынша аудандық әр – түрлі жарыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болдық.

Атап айтсақ қыркүйек айында өткен аудандық жарыс 7-8 сыныптар арасында футболдан мектебіміздің құрама командасы жүлделі І орынға ие болды.

Қазан айында өткен аудандық жарыс 9-11 сыныптар арасында футболдан мектебіміздің құрама командасы жүлделі ІІІ орынға ие болды.

Жоспар бойынша 13 – 24 қазан күндері өтетін «Дене шынықтыру және спорт» онкүндігінің жоспары бекітіліп толық іс – шаралар өтілді.

Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру білімді, өнерлі спортқа шын берілген ұрпақ тәрбиелеу.

Ұраны: Күнделікті дене белсенділігі, денсаулық кепілі.

2025 жылдың 13 – 24 қазан аралығында «Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ дене шынықтыру оқу күндігі өткізілді соған орай бекітілген жоспарға сәйкес бір қатар іс – шаралар өткізілді.

№	Іс-шаралар атауы	Түрі	Мерзімі	Өту уақыты	Жауапты мұғалім	Сынып
1	Апталықтың ашылуы «Таңғы жаттығулар» Хоккей таяғымен допты қақпаға енгізу		14.10.2025	08:20	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері	5-11 сыныптар
2	Әр – түрлі ойындар өткізу		Апта бойы	08:00-08:20	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері	4-11 сыныптар
3	«Пионербол ойыны»	Ашық сабақ	21.10.2025	5 сабақ I ауысым	Асханбай Ж.	4 «А» сынып
4	Баскетбол ойынының ержелері мен әдіс-тәсілдері	Ашық сабақ	22.10.2025	7 сабақ I ауысым	Елиманов Е.С.	7 сынып
5	Доппен өткізілетін ойындар	Ашық сабақ	17.10.2025	3 сабақ II ауысым	Абдибеков Н.Т.	3 «Ә» сынып
6	Допты иелену техникасы	Ашық сабақ	20.10.2025	4 сабақ II ауысым	Амангельдин Е.Б.	4 «Ә» сынып
7	Асық ату ойыны (жарыс)	Сыныптан тыс іс-шара	14.10.2025	17:30 Спорт зал	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері	9-11 ұлдар, ер мұғалімдер
8	Бес асық ойыны (жарыс)	Сыныптан тыс іс-шара	16.10.2025	16:00 Акт залы	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері	8-11 қыздар, ұстаздар
9	Үстел үсті теннисі (жарыс)	Сыныптан тыс іс-шара	20.10.2025	16:00 Спорт зал	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері	7-11 ұлдар, қыздар
10	Көңілді эстафета	Сыныптан тыс іс-шара	23.10.2025	5 сабақ I ауысым	Елиманов Е.С. Абдибеков Н.Т	2 сыныптар
11	Футбол	Сыныптан тыс іс-шара	24.10.2025		Елиманов Е.С. Асханбай Ж	8-9 сынып ер балалар
12	Көңілді эстафета	Сыныптан тыс іс-	24.10.2025	17:00	Асханбай Ж. Елиманов Е.С.	6 «Ә» сынып

		шара				
13	«Толағай» отбасылық сайсы	Сыныптан тыс іс-шара	23.10.2025	11:00	Камитова А.Ж Серикбаева Б.	1 сыныптар

13.10.2025 жылы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Асханбай Ж, Абдибеков Н.Т, Амангельдин Е.Б, Елиманов Е.С апталықтың ашылуына орай 5 – 11 сыныптар арасында салтанатты жиын (Флешмоб) өткізді флешмобқа барлық сынып оқушылары мен ұстаздар белсене қатысты.

14.10.2025 жылы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Асханбай Ж, Абдибеков Н.Т, Елиманов Е.С, мектепке кіре берісте мектеп оқушылары мен ұстаздарын әр түрлі ойындармен қарсы алды.

14.10.2025 жылы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Асханбай Ж, Абдибеков Н.Т, Елиманов Е.С, 9,10,11 сынып ер балалары мен ұстаздар арасында қазақтың ұлттық ойыны «Асық ату» ойыны бойынша достық кездесу өтті. белсене қатысқан оқушылар марапатталды.

16.10.2025 жылы денек шынықтыру пәнінің мұғалімдері 8-11 сынып қыздары арасында қазақтың ұлттық ойыны «Бес асық» ойынын өткізді ойынға қыз балалар белсенді қатысты.

17.10.2025 жылы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Асханбай Ж пен Елиманов Е.С 8 – 11 сыныптар арасында ұлтты қойын «Тоғызқұмалақтан» мекетішілік жарыс өткізді оқушылар толықтай белсене қатысты.

17.10.2025 жылы Абдибеков Н.Т, 3 сыныппен «Доппен өткізілетін ойындар» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабаққа сынып толық қатысты.

Мақсаты: Балаларға доппен өткізілетін ойындарды түсіндіре отырып, балаларға сол ойынды толыққанды меңгерту, топпен, жекелей жұмыс жасуға үйрету, табандылыққа, шыдамдылыққа, шапшандыққа, ептілікке баулу.

Ұйымдастыру кезінде оқушыларды бір қатарға тұрғызып реттік сандарға саналды күнделікті сабақ барысында қауіпсіздік ережесін еске түсіндірумен бастады. Мұғалім оқушылармен дене қыздыру жаттығуларын жасады, яғни бұнда жеңіл жүгіріс, қозғалыста жүгіру, кедергілер арқылы жүгіру, қолдарын жоғары ұстап жүгіру, аяқтың сыртқы және ішкі жағымен жүру сияқты әр түрлі жаттығулар жасатты.

Жаттығудан соң оқушыларды сапқа тұрғызып екі топқа бөліп ойын ережесімен таныстырып, доппен ойналатын жаттығуларды қолданып эстафета өткізді сабақ барысында оқушылар бір біріне деген кішіпейілдік, қамқорлық көрсете білді.

Бүгінгі сабақ барысында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі өз мақсатына және міндетіне жетті.

20.10.2025 жылы Амангельдин Е.Б 4 «Ә» сыныппен «Допты иелену техникасы» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабаққа сынып толық қатысты.

Мақсаты: Балаларға доппен иелену техникасын түсіндіре отырып, балаларға сол сабақты толыққанды меңгерту, топпен, жекелей жұмыс жасуға үйрету, табандылыққа, шыдамдылыққа, шапшандыққа, ептілікке баулу.

Ұйымдастыру кезінде оқушыларды бір қатарға тұрғызып реттік сандарға саналды күнделікті сабақ барысында қауіпсіздік ережесін еске түсіндірумен бастады. Мұғалім оқушылармен дене қыздыру жаттығуларын жасады, яғни бұнда жеңіл жүгіріс, қозғалыста

жүгіру, кедергілер арқылы жүгіру, колдарын жоғары ұстап жүгіру, аяқтың сыртқы және ішкі жағымен жүру сияқты әр түрлі жаттығулар жасатты.

Жаттығудан соң оқушыларды сапқа тұрғызып жалпы сыныппен ойын ережесімен таныстырып, баскетбол добымен әр түрлі жаттығуларды жасады, сабақ барысында оқушылар бір біріне деген кішіпейілдік, қамқорлық көрсете білді.

Бүгінгі сабақ барысында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі өз мақсатына және міндетіне жетті.

21.10.2025 жылы Асханбай Ж. 4 «А» сыныбымен «Пионербол ойыны» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабаққа барлық оқушы қатысты.

Мақсаты: Пйонербол ойыны туралы түсінік бере отырып, пйонербол ойынын ойнату арқылы жекелей, топпен, ептілікке, табандылыққа, ұйымшылдыққа баулу. Қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыру бойынша біріккен, әрі тиімді жұмыс дағдыларын қалыптастыру және көрсете білу.

Ұйымдастыру кезінде оқушыларды бір қатарға тұрғызып реттік сандарға саналды күнделікті сабақ барысында қауіпсіздік ережесін еске түсіндірумен бастады. Мұғалім оқушылармен дене қыздыру жаттығуларын жасады, яғни бұнда жеңіл жүгіріс, қозғалыста жүгіру, кедергілер арқылы жүгіру, колдарын жоғары ұстап жүгіру, аяқтың сыртқы және ішкі жағымен жүру сияқты әр түрлі жаттығулар жасатты.

Жаттығудан соң оқушылар қанталапай ойыны бойынша асықтар талау арқылы екі топқа бөліп ойын ережесімен таныстырып, Пионербол ойынына барлық оқушылар белсене қатыса білді ойын барысында оқушылар бір біріне деген кішіпейілдік, қамқорлық көрсете білді.

Бүгінгі сабақ барысында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі өз мақсатына және міндетіне жетті.

22.10.2025 жылы Елиманов Е.С. 7 сыныппен қозғалмалы ойындар «Баскетбол ойынының ержелері мен әдіс-тәсілдері» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабаққа 21 оқушы қатысты.

Мақсаты: оқушыларға «Баскетбол ойынының ережесі» ойынының ережесімен толықтай таныстырып ойын барысында ойын ережесін толық меңгергеніне көз жеткізу, қимыл қозғалыс арқылы баланың функциялық өсуіне мән беру.

Ұйымдастыру кезінде оқушыларды бір қатарға тұрғызып реттік сандарға саналды күнделікті сабақ барысында қауіпсіздік ережесін еске түсіндірумен бастады. Мұғалім оқушылармен дене қыздыру жаттығуларын жасады, яғни бұнда жеңіл жүгіріс, қозғалыста жүгіру, кедергілер арқылы жүгіру, колдарын жоғары ұстап жүгіру, аяқтың сыртқы және ішкі жағымен жүру сияқты әр түрлі жаттығулар жасатты. Жаттығудан соң оқушылар екі топқа бөліп ойын ережесімен таныстырып, түрлі әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып әр – түрлі жаттығулар орындады және сабақ соңында баскетбол ойынын ойнады. Барлық оқушылар белсене қатыса білді ойын барысында оқушылар бір біріне деген кішіпейілдік, қамқорлық көрсете білді. Бүгінгі сабақ барысында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі өз мақсатына және міндетіне жетті.

24.10.2025 жылы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Асханбай Ж пен Елиманов Е.С 8 – 9 сыныптар арасында футболдан мектепшілік жарыс өткізді жарысқа мектеп оқушылары толыққанды белсене қатысып, қатысқан оқушылар марапатталды.


23.10.2025 күні дене шынықтыру онкүндігінің аясында 2"а" және 2"ә"сынып арасында "Көңілді эстафеталық ойындар!" атты эстафеталық жарыс өткізді дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Елиманов Е.С пен Абдибеков Н.Т

Мақсаты: Оқушыларға салауатты өмір салтын ұстану туралы түсініктерін қалыптастыру, спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Ептілікке, жылдамдыққа, жауапкершілікке баулу.

«Көңілді эстафеталар» жарысы 

 23 қазан күні  Дене шынықтыру апталығы аясында

1 «А» және 1 «Ә» сыныптары арасында өткен «Көңілді эстафеталар» жарысында кішкентай спортшыларымыз ептілік, ұйымшылдық және спортқа деген сүйіспеншіліктерін көрсетті.

 Балалар түрлі қызықты тапсырмаларды орындап, бір-біріне қолдау көрсетіп, жарысқа белсене қатысты.

 Жарыс соңында бүлдіршіндер шаттанып, көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.

Жауапты: Серикбаева Б.Н, Камитова А. Ж

24.10.2025 жылы дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері «Дене шынықтыру және спорт» онкүндігін қорытындылап, онкүндік барысында белсене қатысқан оқушыларды марапаттады.

Қараша айында өткен аудандық жарыс 7-8 сыныптар арасында үстел үсті теннисінен мектебіміздің құрама командасы жүлделі 3 орынға ие болды.

